



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 1

2024

ISSN 2310-3353



PUBLISHINGS
K S P I



Қ М П И
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
К Г П И

2024 ж., қаңтар, №1 (73)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

Бас редактор: *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

Бас редактордың орынбасары: *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

Качев Д.А., философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Лина Анастасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Мишулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

Скорородов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

№1 (73), январь 2024 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

Емин Атасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

Зоя Микниене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

Лина Анастасова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

Скороходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

Әдебиеттер тізімі

1. Касенов Ерлан Сламбекович «І.Жансүгіров поэзиясының қатысымдық және танымдық табиғаты» Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты 10.02.02 ҚР., Алматы, 2010. – 24 бет.
2. Имашева Гүлім Есенғалиқызы «М.Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі» Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты Алматы, 2007 10.02.02. – 24 бет.
3. Жанұзақ Т. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 бет.
4. Амренова Р.С. «Концептілер аясы және концептінің құрылымдық түрлері жайлы» / Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы № 1-2 2014. – 16-22 бет.
5. Мұратбеков С. «Ескек жел: Әңгімелер». – Алматы: «Раритет», 2004. –278 б.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш. КОНЦЕПТ «ВОЙНА» В ТВОРЧЕСТВЕ МУРАТБЕКОВА

В этой статье всесторонне проанализированы несколько работ С. Муратбекова. Установлено, что понятие «война» является сложным концептом. Автор рационально использовал наглядные средства при передаче понятия «Война». Применительно к понятию «война» в творчестве писателя установлено, что такие лексемы, как «письмо», «черная бумага», «враг», «недруг» имеют символическое значение и передают концепт «война».

Ключевые слова: концепт, фрейм, ассоциация, образец, символ, сценарий.

BEKBOSYNOVA, A.Kh., KUANYSHBAYEVA, G.Sh. THE CONCEPT OF «WAR» IN MURATBEKOV'S WORKS

This article comprehensively analyzes several works of S. Muratbekov. It is established that the concept of "war" is a complex one. The author rationally used visual aids to convey the concept of "War". In relation to the concept of "war" in the writer's work, it has been found that such lexemes as "letter", "black paper", "enemy", "foe" have a symbolic meaning and convey the concept of "war".

Key words: concept, frame, association, pattern, symbol, scenario.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Омарова, Д.К.,
«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай

Б. СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ» РОМАНЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Берілген мақалада Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романындағы мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі талданады. Мақалада мақал-мәтелдердің теориялық тұжырымдамалары мен құрылымы зерттеу объектісі ретінде алынған. Романда қолданылған мақал-мәтелдер сұрыпталып, бірнеше еңбектердің қорытындысы бойынша зерттеліп, қолданылу ерекшелігі айқындалады.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, паремиологиялық модель, ерекшелік.

1 Кіріспе

Ғалым Ә.Қайдардың мақал-мәтелдер туралы «Халық даналығы» еңбегіне сүйенетін болсақ, мақал – мәдени және ежелгі рухани азық болып табылатын әдеби мұра. Бұл саналы қоғаммен, бір-бірімен және көрші халықтардың дәстүрлерімен ғасырлар бойы сұрыптала, халық даналығының мәңгілік тірі құбылысы жинақталып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Қазақтың атасы: «Ақыл өзгереді, ырыс жұғысады» – деп бекер айтпаған. Ішкі факторларға байланысты мақал-мәтел қалыптасуының алғашқы себептері мен тәсілдері әртүрлі. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

Біріншіден, саналы қоғамдастық өзі өмір сүретін табиғи ортаны, табиғатты тану барысы;

Екіншіден, еңбек процестерін, кәсіби процестерді меңгеру;

Үшіншіден, тұлғааралық қатынастардың негізіне терең үнілу қажеттігіне байланысты болуы мүмкін» – деп жазады академик Ә. Қайдар [1].

С.Канапина өзінің «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі» еңбегінде мақал-мәтелдер айтылған ой бағыты бойынша – тоқсан сөздің тобықтай түйінін білдіріп, ой тыңдаушыны терең ойландырады деген тұжырымдама жасайды [2]. Мақал-мәтелдер әлемдегі, қоғамдағы және табиғаттағы барлық құбылыстармен байланысты. Соған қатысты ғалым Ә.Қайдардың пікіріне сүйене отырып, мақал-мәтелдер этнолингвистикалық және дүниетаным тұрғысынан халықтың кешегі мен бүгінгі өмірін ұштастыратын мағынаны көрсетеді деп пайымдауға болады. Сонымен қатар, академик ғалым барлық заттар мен құбылыстарды тізбектің үш негізгі аймағына топтастырды: «Адам, табиғат және қоғам». С.К.Кенжемұратова «Мақал-мәтелдер синтаксисі» диссертациясында мақал-мәтелдердің ерекшеліктері мен құрылысына қатысты зерттеу жұмысын ұсынады. Ол еңбекте мақал-мәтелдердің тек бір ғасырлық рухани дүниенің нәтижесі емес, көп ғасырлар бойы жинақталып, сұрыпталып келген тарихи оқиғаларды сипаттайтыны жайлы жазылады. Профессор К.Аханов өз кезегінде мақал мен мәтелдің құрылымын зерделей отырып, ерекшеліктерін ажыратады. Оларды үш негізгі бөлікке бөліп, анықтауға болады.

1. Мәтелдегі етістіктен жасалған баяндауыш көбіне түсіп қалып қолданылады.

2. Синтакситік өзгешелік. Мақал, мәтелге қарағанда, құрмалас сөйлем түрінде беріледі.

3. Мәтел жай сөйлем түрінде, тіпті көбінесе, толымсыз сөйлем түрінде кездеседі.

Мақал-мәтелдердің шығу, қалыптасу жолдарына мыналар жатады:

1. Жыршы, ақын-жазушылардың нақыл сөздері;

2. Халықтың тұрмысы, өмір салты, күнделікті өмірінде туындаған қажеттіліктері;

3. Ел ішінде қалыптасқан, тараған оқиға, аңыз, ертегілер [3].

«Дүниенің паремиологиялық көрінісі» атты еңбегінде ғалым Ж.Исаева паремиологияның зерттеу негізі ретінде мақал-мәтелдерді көрсетеді. Мақал-мәтел құндылық, тәжірибе және философиялық бірлестікті ұсынатын жалпы халықтың дүниелік көрінісі. Яғни, әлемнің паремиологиялық бейнесі бұл тіл және мәдениет деген бірлескен ұғымды тереңнен қамтиды. Оны түсіндіру үшін ғалым «Үйірі басқаны нөқта қосады, руы басқаны құдай қосады» мақалын мысалға келтіреді. Оның пайымдауы бойынша, бұл мақалда ата-салтқа байланысты қалыптасқан рулық қоғамның құндылығы сөз етіледі.

Әлемнің тілдік бейнесінің паремиологиялық модельдері әлемнің практикалық көрінісімен үйлеседі. Ол пайдаланушы үшін келесі прагматикалық қызметтер аясында қолданылады:

1. Тәжірибе. Өмірлік немесе логикалық оқиғалардың сөздік үлгісін түзеді. Мысалы, «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» мақал-мәтелінде әр құбылыстың нәтижесі, екі құбылысты байланыстырып тұратын себептің болатынын ұғындырады.

2. Этнопедагогикалық маңызы. Паремнологиялық модельдер арқылы белгілі бір тілдің ұжымдық бірлестігіне тәрбие беру мақсатында жұмсалады. Бұл жерде бақылау нәтижесінде туындаған ойлар көптеп кездеседі. Мысалы, «Ер қартайса, қазаншы болады». Белгілі бір заттың, құбылыстың, адамның сапалық қасиеті өзгеріп, жаңа қасиетке ие болатынын аңғартады.

3. Болжау прагматикалық қызметі. Мысалы, «Болар бала жасынан» паремнологиялық үлгісінде адамның өмір бойында тәрбиелік жолы тікелей бала шағындағы тәрбиесіне байланысты болатынын меңзеп, келешекті болжағандай мағынаны үстейді.

4. Тілдің энергетикалық ықпалы. Сөздің құдіреті тікелей санаға да, өмірдегі құбылыстарға да жанама болсын, ықпалын тигізетіні туралы ой танымы. Мысалы, «Жақсы сөз жанның тынысы».

5. Поэтикалық-көріністік сипат. Яғни, күрделі ойды ықшамдап, әсем сөзбен жеткізу құралы ретіндегі қызметі. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес».

6. Қазіргі рухани құндылықтардың қалыптасуына негіз болған халықтың ежелден бергі алғашқы танымын, көзқарасын анықтайтын паремнологиялық модельдердің қызметі. «Сақтанғанды құдай сақтайды».

7. Әлемге деген паремнологиялық көзқарастағы шындық – бұл өмірдегі шындық. Яғни, заттар, құбылыстар, оларға тән қасиеттерге берілген баға. Мысалы, «Таспен атқанды, аспен ат» [4].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің алғашқы зерттеулері қарастырылды. Соның негізінде қазақ тілі біліміндегі паремнологияға қатысты пікірлер мен еңбектер жинақталып, оларға талдау, саралау жұмыстары жүргізілді. Б. Соқпабаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романындағы мақал-мәтелдердің қолданыс аясы мен ерекшеліктері мақаланың негізгі тақырыбы ретіне алынды. Тақырыпты зерттеп, зерделеу барысында «Халық данылығы», «Мақал-мәтелдердің синтаксистік ерекшелігі», «Қазақ тіл білімінің мәселелері» еңбектері қолданылды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

1. *Адамның өз үйі, өлең төсегі деген сиқыры бар нәрсе зой, магниттей тартады да тұрады.* (Б. Соқпабаев «Өлгендер қайтып келмейді» 20 б.)

Өз үйім – өлең төсегім! /ауыс. Әрине, әркімнің үйі – ол өзі үшін туып-өскен алтын бесігі. Зәулім сәулет сарайына қарағанда да қымбат және құрметті. Ол «менің үйім» десе, бұл алтын мен күміспен, қымбат жиһаздармен безендірілген сарай емес, кереует пен мекен-жайы, даланың иісі бар жусан шөппен жабылған, тіпті жұртқа қорашық сияқты болса да, ол жер өзі үшін жайлы және жылы (А. Хайдар «Халық даналығы» 448 б.).

Қонақта жақсы болғанмен, өз үйінде екі есе жақсы деп бекер айтпаған. Шынында да, әр адам үшін өз үйінен артық жер болмас. Себебі, адамның өзін қолайлы, жайлы сезінетін ортасы – ол өзі құрастырған, өзі қалыптастырған ережесі мен тәртібі бар үйі. Сондықтан болар, әрқайсымыз ауыр күннен кейін бірден өз үйімізге тезірек оралғымыз келіп тұрады.

2. *Көппен көрген ұлы той деп, қарайды* (Б. Соқпабаев «Өлгендер қайтып келмейді» 40 б.).

Көппен бірге көрген ұлы той. / Өз еліңмен бірге көрген тіпті қайғы-қасірет те мерекеге ұқсайды, өйткені оның ауыртпалығы көптеген адамдар бөлісетін ауыртпалыққа айналады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген мақал да бұл ұғымды түсіндіреді (А. Хайдар «Халық даналығы» 364 б.).

«Бірлік түбі – береке» демекші, көпшілік жиналған жерде береке де, ырыс та молынан болып келеді. Тойды көпшілікпен тойлаған адам мол сауапқа кенелсе, қиындықта көпшілікпен ауыртпалығымен бөліскен адам мәселесінің шешімін әлдеқайда тез табады, тым болмаса жеңілдей түседі. Л.М.Леонов айтпақшы: «Біз бәріміз тек кішкентай тамшылармыз және тек мұхитта күштіміз, ол өз толқындарымен жартастарды жұтып, үлкен кемелерді

сындырады, сондықтан біз халқымыздың жалпы әл-ауқатын бүкіл ұлтымыздың іс-әрекетінің бірлігі арқылы ғана түсінуіміз керек!».

3. *Ерді намыс өлтіреді деген сөз.* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 117б.)

Қоянды қамыс өлтіреді, Ерді намыс өлтіреді. Шындығында, бұл қыста көлдердің немесе өзендердің жағасында қояндарды аулаудың ескі тәсілі. Қамыстың бір бөлігі бұрышпен кесіліп, мұз бетінен 5-10 см жоғары өткір сабақтар қалдырылады. Содан кейін иттермен бірге қоян осы аймаққа айдалып, ол қамысқа тереңірек кіруге тырысып, ақыр соңында осы өткір қарасораға кесіледі... (А. Хайдар «Халық даналығы» 409 б.).

Дәл солай, адам ар-намысы мен қадір-қасиетін жоғалтып, қоғамда өзін бақытты, үйлесімді сезіне алмайды. Жанның тектілігі мен ойдың тазалығы – бұл физикалық тұрғыдан байқалмайтын ұғымдар, бірақ олардың ішкі сезімі адам үшін баға жетпес. Олар таза ар-ұждан сияқты ұғыммен тығыз байланысты. Кінә мен ар-ожданның азабы көптеген абыройсыз адамдардың өмірін бұлыңғыр етеді.

4. – *Қарағым, Еркін әкесі өлгенді де естірмеді* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 165 б.).

Әкесі өлгенді де естірмеді! 1. Қазақтың бірегейлігінде қазаны есту – ең қиын жағдайлардың бірі. Қаншалықты ауыр болса да, ол әкесінің өлімі туралы ескі дәстүр бойынша ишаралап естірту, тұспалдау арқылы хабарланатын. Кейде әуендермен де ауыр қазаны естіретін болған (А. Хайдар «Халық даналығы» 221 б.).

Сонымен қатар, ауыр қаза қаншалықты қиын қабылданғанымен, оны жасырмай, естірткен жөн екенін де аңғартады.

5. *Шешінген судан тайынбайды* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 98 б.).

Шешінген судан тайынбайды – 1. Суға шомылу немесе өзеннен өту үшін шешінген, бел бұған адам суға басудан да тайынбайды. Себебі, өткісі келмеген немесе қолынан келмейтін адам ол іске талпынбас еді; 2. ауыс. көп ойланып-толғанып бір нәрсені істеуге шешім қабылдаған, шешіне кіріскен адам да оны орындаудан, аяғына дейін жеткізуден тайынбайды, қиындығын, қауіптілігін сезсе де тәуекелге барады (А. Хайдар «Халық даналығы» 541 б.).

«Шешім қабылданған мәселеге жігерлік керек» деген мағынада. Өзіміз білетіндей, адамға тіректен шығу немесе алғашқы қадам жасау әрдайым өте қиын. Барлық мәселелердегі көбінесе ең күрделісі – «іштей жиналу», қандай да бір іске кірісу. Тек алғашқы қадамнан кейін қорқыныш кетеді және қозғалыс ендігіде қауіп төндірмейді.

6. *Көп түкірсе, көл деген* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 228 б.).

Көп түкірсе – көл. Ауыс. Жұртшылық болып, бірлесіп, ұйымдасып істеген іс-әрекет нәтижелі, жемісті болмақшы. Көпшіліктің аты – көпшілік, тіпті әрқайсысы там-тұмдап үлес қосқанның өзінде-ақ үлкен істің үдесінен шығатыны айқын демекші (А. Хайдар «Халық даналығы» 365 б.).

Қазақ – ежелден ұйымшыл халық. «Қуаныш бөліссе көбейеді, қайғы бөліссе азаяды» дегенді айтқан қазақтың қандай да бір іске жұмыла кететін әдеті бар. Демек, адамдар бірігіп, бірге жұмыс істегенде, олар айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алады. Бұл мақал ұжымдық жұмыстың күшін және бірлік пен өзара қолдау кез келген қиындықты жеңуге көмектесетінін көрсетеді. «Көпшіліктің қолы ұзын» деген мақалды аналогия ретінде келтіруге болады.

7. *Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көр деп, нағыз көп ақшаға қолым жетер кезі әлі алда деймін* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 396 б.).

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің! Қазақтардың ескі дәстүрінде: үлкен қуанышқа байланысты «ақ түйенің қарны жарылып», күнде бола бермейтін қазан-қазан қуырдақ қуырылып, көрші-қолаң, ел-жұрт асқа тойып, мәре-сәре болу жиі кездескен; 2. ауыс. «Қуаныштың, той-томалақтың немесе белгілі бір жағдайға байланысты алда көресің, асықпа» дегенді аңғартады (А. Хайдар «халық даналығы» 411 б.).

8. *Сұлуынан жылуы дедім де, тәуекел деп, киін алдым* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 131 б.).

Сұлуынан жылуы. Тура мағынасында киімге байланысты қолданылатын мақал-мәтел. Яғни, киімнің ұсқынынан, әсемдігінен гөрі ыңғайлылығы мен жылулығына назар аудару маңыздылығын көрсетеді. Суық күнде адамды киімнің әдемі түсі немесе әшекей тастары емес, оның қалыңдығы мен жылы жүні жылытады дегендей. Бұл мақалды ауыспалы мағынасында да қолдануға болады деген тұжырымға келдім. Мәселе адам бойындағы қасиеттерге қатыстылығында. Адамның сырт келбетінен гөрі оның ішкі «жылулығы», яғни рухани жан дүниесінің маңызы әлдеқайда артық деген мағынаны меңзейді.

9. *«Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен көр» деп, зобалаң оның басына да туып жатқан көрінеді* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 278 б.).

Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде. Қауымдағы рухы, тегі, болмысы мықты, күш-қайратты ер-азаматтардың өздерін тағдырдың тәлкегі тәлтіректетіп, қиыншылық құрсауына алғанда, солардың жүйкесін құртып, жігерін құм еткенде, табиғаты нашар, әлсіз-әлжуаз адамдар азып-тозып, жүнжіп, жабағы тышары сөзсіз. Демек, мақал өмірдің неше алуан қиындығы мен қыспағына әркім әр түрлі төзімділік білдіреді: біреуге олар түйені жел тербеткендей сезілсе, енді біреулерге сол желден аспанда ұшып жүрген ешкіні көз алдына елестетуі де мүмкін (А. Хайдар «Халық даналығы» 508 б.).

Тура мағынасында түйе мен ешкіні салыстыру арқылы, олардың салмақтық айырмашылығы жел тұрғанда екі түрлі жағдайға әкеп соқтыратындығын көрсетеді. Түйе ешкіге қарағанда әлдеқайда салмағы ауыр жануар. Егер жел зілдей түйені шайқаса, оған қарағанда көп есе жеңіл ешкі мүлдем жел күшіне қарсы тұра алмайтындығы меңзелген. Дәл солай адам қоғамында да әртүрлі адамдар кездеседі. Біреу шыдаған тағдыр сынағына екінші адам төзбей, сағы әбден сынуы мүмкін.

10. *«Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату» деген мақал бар* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 13 б.).

Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату.

Қазақ халқы ежелден туыстық қарым-қатынастарға, бауырмалдылыққа аса көп мән берген. Бір анадан туған апалы-сіңілінің арасында әрдайым ерекше сыйластық пен өзгеше байланыс болады. Әйелдер тату болған жерде ер адамдар да бір-біріне мейіріммен және құрметпен қарайды. Сондықтан болу керек, бұл жерде екі бажаны бір түйеден туған екі ботаға теңеген.

11. *Тураушыда туғаның болсын дегендей Нұрәлі тізгін ұстап тұрса бізге жаман болмайтыны белгілі* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 37 б.).

Тураушыда туғаның болсын. Тура мағынасында жақынның тізгін басында болғаны жақындағыларына көптеп көмегі тиетіні болмаса, кесірі тимейтінін аңғартады. Мәселен, елдің басқа шетіне саяхаттап барғанның өзінде сол жерде өзінің туғаның болса, сенім арта-тын адамың, жерің бар болғанына қуанып, алыстан арқалаған жүгің мың есе жеңілдей түседі. Қашан да болсын қазақ халқы жақынның, туыстың, жора-жолдастың орнын бөлек деп білген. Ерекше құрметтеп, сыйластық танытқан. Бұл мақал-мәтел де қазақтың бауырмалдылығы мен туыстық қарым-қатынасқа деген ерекше назардан туындаған болса керек.

12. *«Кемеші келсе, қайықшы судан шығады» дегендей, Өмірәлі далада қалып қойды* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 156 б.).

Кемеші келсе қайықшы судан шығады. Тура мағынасында кеме де, қайық та бір су қоймасында қызмет еткенмен, кемешінің құндылығы да, атқарар қызметі де қайыққа қарағанда әлдеқайда жоғары. Әр нәрсенің құндылығы салыстырмалы түрде байқалып, өз иерархиялық кезегін құрайды деген мағынаны білдіреді десек те болады. Роман желісі бойынша талдайтын болсақ, өзінен дәрежесі де, даңқы да жоғары адам келгенін түсінген Өмірәлі атты кейіпкер өзін ыңғайсыз сезініп, сыртқа шығып кетеді.

13. *Болар іс болды, бояуы сіңді дегендей...* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 271 б.).

Болар іс болды бояуы сіңді. 1. Белгілі бір затқа сіңген бояуды біржолата кетіру өте қиын, қанша кетті дегенмен оның орнында дақ қалып қояды; 2. ауыс. Істелініп қойған іс-әрекеттің нәтижесіне қанша өкінсең де, ол пайдасын тигізе алмайды (А. Хайдар «Халық даналығы» 252 б.).

Бұл мақал көбінесе өткен іске өкініш немесе реніш білдірген жағдайда жұмсалады. Мәселен, жасалған іс-әрекет салдары қанағаттандырырлық дәрежеде жүзеге аспаған жағдайда адамда түрлі негативті эмоциялар пайда болады. Ол эмоциялармен бәрібір болған істі қайта қалпына келтіруге болмайтынын, оған тағы уақыт ысырап етудің қажеті жоқ екенін түсіндіреді. «Өткен іске өкініш жоқ» немесе «Өлгеннің соңынан өлмек жоқ» деген аналогияларды келтіруге болады.

14. *Нағашыма да барайын, тайымды да үйретейін демекші мынадай сәті келіп қалғанда екі шаруаны бірден тындырып қайтпақшымын.* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 395 б.).

Нағашыма да барайын, тайымды да үйретейін. Бір оқпен екі қоянды ату мағынасына ұқсас. Яғни, бір мезетте, бір әдіспен бірнеше істі тиімді әрі ұтымды қолдана білуді білдіреді.

15. *Бақпаса мал, қарамаса қатын кетеді деген мақал бар* (Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» 355 б.).

Бақпаса мал, қарамаса қатын кетеді. Баға білген жағдайда ғана мал құтайып, жемісін береді. Ол өздігінен суын, жемін ала алмайды. Оның арнайы бабы бен қамы ойланбаса, ақыр соңында малдан да айырылуға болады. Мақалдың екінші бөлігінде әйел адамның қажеттіліктері жайлы айтылады. Әйелі қанша жерден ер адаммен бірдей тең дәрежедегі жолдасы болғанымен, әйел адамы арнайы қамқорлық пен күтімді қажет етеді. Ол қажеттілікті өтей алмаған күйеуден әйел кетеді, көңілі қалады деген мағынаны білдіреді деп тұжырым жасауға болады.

5 Қорытынды

Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романынан алынған мақал-мәтелдерге талдау жасалынды. Олардың көп бөлігі «Халық даналығы» еңбегі бойынша талданып, мақала авторының өзіндік пікірлерімен толықтырылды. Әр мақалдың қолданыс ерекшелігі роман желісіне сай зерттеліп, өзіндік ерекше мағынасына ие болды, қолдану аясы айқындалды. Мақал-мәтелдер этномәдени тұрғысынан қарастырылып, қазақ халқының дүниетанымынан көптеп көрініс табатыны анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Хайдар. Халық даналығы. «Тоғанай Т» баспасы. 2004 ж. 560 бет.
- 2 С.Ғ.Канапина. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі. Алматы. 2010ж. 180 бет.
- 3 Кенжемұратова С.К. «Мақал-мәтелдердің синтаксисі». Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Астана – 2002. – 29 бет.
- 4 Ж.И. Исаева. Дүниенің паремологиялық бейнесі (лингвистикалық аспект). Монография. – Алматы: “Нұрлы әлем” баспасы, 2009. 192 бет.
- 5 Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. – Алматы: «Өнер» 2010ж. 478 бет.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ОМАРОВА, Д.К.

ОСОБЕННОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОСЛОВИЦ В РОМАНЕ Б. СОКПАКБАЕВА «МЕРТВЫЕ НЕ ВОЗВРАЩАЮТСЯ»

В этой статье анализируются особенности употребления пословиц в романе. Во вводной части в качестве объекта исследования взяты теоретические понятия и структура пословиц. В основной части пословицы, использованные в романе, сортируются, изучаются по результатам нескольких произведений, определяются особенности их употребления.

Ключевые слова: пословица, паремиологическая модель, исключение.

BEKBOSYNOVA, A.Kh., OMAROVA, D.K.

SPECIFICITY OF THE USE OF PROVERBS IN B. SOKPRAKBAYEV'S NOVEL «THE DEAD DO NOT RETURN»

This article analyzes the features of the use of proverbs in the novel. In the introductory part, theoretical concepts and the structure of proverbs are taken as the study objects. In the main part, the authors sorted the proverbs used, studied them based on the results of several works, and determined their features.

Key words: proverb, paroemiological model, exception.

ӘОЖ 811.512.122

Есіркепова, К.Қ.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.,
6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті
білім беру бағдарламасының
2 курс студенттері,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай*

**ТАХАУИ АХТАНОВ «ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР»
РОМАНЫНДАҒЫ «СОҒЫС» КОНЦЕПТІСІ**

Түйін

Бұл мақалада Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер” романындағы “Соғыс” концептілік жүйесі талданды. Концепт ұғымы мен концептілік жүйе құрылымы, бірліктері туралы теориялық мәліметтерді пайдалана отырып, жазушының роман тіліндегі концептуалдық талдау жасалды. Концептілік талдау барысында автордың “Соғыс” туралы өзіндік көзқарасы: фрейм, ойсурет, сценарий, стретип бірліктері арқылы жүйеленді.

Кілт сөздер: соғыс, концепт, ассоциация, схема, фрейм, сценарий, гештальт, метафора, ұлттық дүниетаным.

1 Кіріспе

Концепт адамзаттың тіршілік дағдысы негізінде санасында ішкі ділдік әрекет арқылы жинақталған білімі мен оның құрылымдық жүйесі. Ойлау әрекеті арқылы білім құрылымы шығады. Сонда концепт арқылы адамның білім қоры, мазмұны айқындалады. Концепт түрлерінің анықталуына қарай адамзаттың білім қоры, түрі де ашыла түседі. Негізінен алғанда, концептіні әр қырынан түрлі топқа жіктеп беруге болады, себебі білім, таным шексіз, әлем бейнесі шексіз. Сондықтан ғалымдардың, зерттеушілердің концептіні жіктеп беруі де белгілі бір шектікті құрайды. Таным иірім тәріздес, оған сүңгіген сайын мазмұн туындай береді, ендеше танымның мазмұндық түрі де шыға береді. Концептіні жалпы адамзаттың түйсіктік қабылдау әрекеттеріне, концептінің мазмұндалып танылуына, ғылыми салалық мәнге қарай, т.б. қырларына байланысты жіктеу мәселесі осы бағытта зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қаралып айтылады. Әрбірінің жіктеуі зерттеу

МАЗМҰНЫ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ

Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Құрманязов, Ы.С. Ботай-Терсек тарихи-мәдени қауымдастығы: ортақ сипаттамалары 3

Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы «Махаббат» концептісі 10

Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайырғали, Д.А. Тілдердің шығуы мен дамуы және олардың өзара әсерлері 14

Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А. Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеологиялық) жағынан топтастырылуы 19

Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы мақал-мәтелдердің қолдану ерекшелігі 23

Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш. С. Мұратбеков шығармаларындағы «Соғыс» концептісі..... 27

Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К. Б. Сокпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романындағы мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі 31

Есіркепова, К.Қ., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж. Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» романындағы «Соғыс» концептісі..... 37

Есіркепова, К.Қ., Елепай, А.А., Укенов, Т.М. Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романындағы «Қазақ бейнесі» концептісі 43

Қожанұлы, М. Қазақтың шешендік сөздеріндегі ономастикалық атаулар хақында 48

Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К. Көрікті жанның көркем жырлары 57

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г., Жоғары оқу орынында оқу процесінде студенттің өзіндік жұмысының рөлі 62

Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б. Жалпы білім беретін мектептерде химия сабақтарында «case-study» әдісін қолдану аясында кәсіби құзыреттілігін арттыру 66

Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г. Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі 74

Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г. Оқыту әдістерін дамыту бағыттары және физика сабағын оқытуға тәжірибеге бағытталған тәсіл..... 79

Орманова, Г.К., Ораз, А.Д. Орта мектепте «Ядролық физика» бөлімін оқытуда оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулуда инновациялық тәсілдердің ролі 85

ӘЛЕУМЕТТІ ҒЫЛЫМДАР

Есионова, А.Н., Steam оқыту жүйесі арқылы оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру 89

Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е., Қалалық ортамен танысу үшін квест технологиясы қолдану..... 94

Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И. География пәнінде критериалды бағалау үдерісінің тиімді болуындағы саралау 101

Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Өндірістік жаракаттану деңгейі және Қазақстан Республикасындағы өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйесі 110

БІЗДІҢ АВТОРЛАР 117

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА 126

СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

<i>Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Курманиязов, Ы.С.</i> Ботайско-Терсекская историко-культурная общность: общие характеристики.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж.</i> Концепт «Любовь» в романе А.Нуршаихова «Махаббат, кызык мол жылдар»	10
<i>Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайыргали, Д.А.</i> Происхождение и развитие языков и их взаимные эффекты.....	14
<i>Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А.</i> Группировка языков по происхождению, родству (генеологическому)	19
<i>Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б.</i> Специфика употребления пословиц и поговорок в романе Габита Мусрепова «Улпан»	23
<i>Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш.</i> Концепт «Война» в творчестве Муратбекова	27
<i>Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К.</i> Особенность использования пословиц в романе Б. Сокпакбаева «Мертвые не возвращаются».....	31
<i>Есіркепова, К.К., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.</i> Концепт «Война» в романе Тахауи Ахтанова «Суровые дни».....	37
<i>Есіркепова, К.К., Елепай, А.А., Укенова, Т.М.</i> Концепция «Образ казаха» в романе Г. Мусирепова «Улпан».....	43
<i>Қожанұлы, М.</i> Об ономастических именах в казахских ораторских словах.....	48
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Прекрасные произведения красивой души.....	57

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

<i>Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г.</i> Роль самостоятельной работы студента в процессе обучения в вузе.....	62
<i>Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б.</i> Повышение профессиональной компетентности в рамках применения метода «case-study» на уроках химии в общеобразовательных школах.....	66
<i>Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г.</i> Методика использования электронных образовательных ресурсов	74
<i>Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г.</i> Направления развития методов обучения и практический подход к преподаванию урока физики	79
<i>Орманова, Г.К., Ораз, А.Д.</i> Роль инновационных методов в привлечении к научно-исследовательской деятельности обучающихся при обучении «Ядерная физика» в средней школе	85

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

<i>Есионова, А.Н.</i> Организация исследовательской деятельности школьников через систему stem обучения	89
<i>Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е.</i> Использование квест-технологии для ознакомления с городской средой	94
<i>Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И.</i> Дифференциация эффективного использования системы критериального оценивания по предмету география	101
<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А.</i> Уровень производственного травматизма и система страхования от несчастных случаев на производстве в Республике Казахстан.....	110

НАШИ АВТОРЫ	120
--------------------------	-----

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ	129
-------------------------------------	-----

CONTENT

HUMANITIES AND ARTS

Abilmalikov, K.K., Serzhan, Sh., Kurmaniyazov, Y.S. Botai-Tersek historical and cultural community: general characteristics..... 3

Bekbosynova, A.Kh., Aldabergenova, Zh. Zh. Concept «Love» in the novel «Makhabbat, kyzyk mol zhyldar» by A. Nurshaihov 10

Bezaubekova, A.D., Amirgalieva, Y.S., Kayyrgali, D.A. The origin and development of languages and their mutual effects..... 14

Bezaubekova, A.D., Atygai, Sh.S., Shakhmetova, M.A. Grouping of languages by origin, relationship (genealogical)..... 19

Bekbosynova, A. Kh., Ismagambetova Zh.B. The specifics of the use of proverbs and sayings in Gabit Musrepov's novel «Ulpan» 23

Bekbosynova, A.Kh., Kuanyshbaeva, G.Sh. The concept of «War» in Muratbekov's works 27

Bekbosynova, A.Kh., Omarova D.K. Specificity of the use of proverbs in B. Sokpakbaev's novel «The dead do not return» 31

Yessirkepova, K.K., Artykbay, I.B., Akramova, M.Zh. The concept of «War» in Takhaui Akhtanov's novel «Kakharly kunder» 37

Yessirkepova, K.K., Yelepau, A.A., Ukenova, T.M. The concept «Kazakh image» in Musirepov's novel «Ulpan»..... 43

Kozhanuly, M. About onomastic names in kazakh oratorical words 48

Ospanuly, S., Myrzagaliev, K. Fine pieces of work of a beautiful soul 57

NATURAL SCIENCES

Abdulin J.K., Tastanov M.G. The role of the student's independent work in the process of studying at the university 62

Zhakyp A.A., Kabden K.Zh., Nurmukhanbetova N.N., Sergazina S.M., Ostretsova I.B. Improving professional competence within the framework of the use of the «case-study» method in chemistry lessons in secondary schools 66

Zhappasova K.A., Tastanov M.G. Methods of using electronic educational resources..... 74

Kazieva G.N., Tastanov M.G. Directions of development of teaching methods and a practical approach to teaching a physics lesson..... 79

Ormanova G.K., Oraz A. D. The role of innovative methods in attracting students to research activities in teaching «Nuclear physics» in secondary school 85

SOCIAL SCIENCES

Yesionova, A.N. Organization of student research activities through the stem education system 89

Zhigalova, N., Tsyganova, A.Y. Use of quest technology to explore the urban environment..... 94

Kalkashev, S.G., Abdimanapov, B.Sh., Ayapbekova, A.Y., Nurkhanov, M.A., Godeeva, Z.I. Difference of effective use of criteria-based systems of geography knowledge assessment..... 101

Koval, A., Bayandin, M.A. Frequency rate of occupational injuries and occupational injury insurance system in the Republic of Kazakhstan..... 110

OUR AUTHORS 123

INFORMATION FOR AUTHORS 132

Компьютерлік беттеу: С. Худякова

Компьютерная верстка: С. Худякова

Басуға 26.12.2023 ж. берілді.
Пішімі 60x84/8. Көлемі 11,0 б.т.
Тапсырыс № 015

Подписано в печать 26.12.2023 г.
Формат 60x84/8. Объем 11,0 п.л.
Заказ № 015

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетіндегі
редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47